

# Ы

ЕБЕКШІЛЕР  
ПЕТРОПАВЛ

уына 34 жыл.  
саны 20 тыйын.

# ЛЫҚ СЫН

11 коммунист  
ың бір азы үйір-  
атынаспайды. Ал,  
ірбаев жолдастың  
ындайлы келмей-  
ыш партия ұйы-  
жанов жолдас  
тұрса да, ол пар-  
түмен шұғылдан-

партия мектебі-  
ы сыяқты. Кешкі  
тііс. Ама! не-  
ғы сабаққа бірде-  
ды. Кешкі мек-  
көшпелілігі аудан  
ізметкерлер. Олар  
майымдықтарын  
мады» деген же-  
Әрине, бұған тө-  
да партия оқуын  
отырған осы сы-  
н алуы алдымен  
нің, оның өскре-

# Совет халқының ұлы көсемі және ұстазы ИОСИФ ВИССАРИОНОВИЧ СТАЛИН жолдасқа

Қымбатты Иосиф Виссарионович!

Біз, Алматы қаласының еңбекшілері, сүйікті көсеміміз және ұстазымыз Сіздің еңбекшілер депутаттары Алматы қалалық Советінің депутаттығына дауысқа түсуге ризалық білдіргендігіңізді асқан зор қуанышпен білдік. Қымбатты Иосиф Виссарионович, Сіздің келісім беруіңіз және республика астанасы қалалық Советінің депутаттығына Сіздің бірінші кандидат болып тіркелгендігіңіз жөніндегі округтік сайлау комиссиясының хабары біздің жүрегімізді асқан зор қуаныш және мақтаныш сезіміне бөледі.

Бұл тарихи оқиғаға арналған митингіге жыйналып, совет халқының көсемі және ұстазы, социализм елінің барлық жетістерінің дем берушісі және ұйымдастырушысы, дүние жүзіндегі ең демократияшыл Конституцияны жасаушы Сізге шын жүректен өзіміздің жалынды сәлемімізді жолдап, Сіздің сау-сәлемет болып, көп жасауыңызды тілейміз.

Қымбаты Иосиф Виссарионович, Сіздің есіміңіз — бейбітшілік, бостандық және бақыт туы. Ол бейбітшілік үшін, демократия үшін, социализм үшін күрес жүргізіп жатқан жүз миллиондаған қарапайым азаматтардың жүрегіне рух береді.

Біздің қуатты социалистік Отанымыздың күш-қуаты кемеліне келіп, гүлденуде, Сіздің данышпандық басшылығыңыз арқасында ол социализммен бірте-бірте коммунизмге өту міндетін айдағыдай шешуде.

Халық бақытының ұлы сәулетшісі Сізге қуатты Совет мемлекетінің барлық халықтары сыяқты, қазақ халқы да өзінің барлық табыстары үшін көп борышты.

Коммунистік партияның басшылығы арқасында, ұлы орыс халқының туысқандық көмегімен сталиндік бесжылдық жылдары ішінде советтік Қазақстан орнанды, гүлденген индустриялы-колхозды республикаға айналды. Қазақ халқының түрі ұлттық, мазмұны социалистік мәдениеті өсіп, гүлденді. Ленин — Сталин партиясы қазақ халқын коммунизм құрылысының дағмы жолына түсірді.

Партиямыздың XIX съезінің тарихи қарарлары, Сіздің «ССРО-да социализмнің экономикалық проблемалары» деген данышпандық шығармаңыз және съездің қорытынды мәжілісінде сөйлеген сөзіңіз еңбекшілердің орасан зор саяси және өндіріс-

*Алматы қаласының № 17 сайлау округі*

**Вячеслав Михайлович МОЛОТОВ**  
Алматы қалалық Советінің депутаттығына  
кандидат болып тіркелді

тік белсенділігін туғызып, біздің алға басуымыздың бұдан былайғы жолын көрсетіп берді. Съезд қарарлары партия үшін — халыққа бақытты тұрмыс жасаудан, оны коммунизмнің сәулетті шыңына қарай жеңістен-жеңіске жеткізуден асқан өте-мөте игі мақсат жоқ өкпендігін тағы да бір рет ерекше атап көрсетті.

Партиямыздың XIX съезінің тарихи қарарларымен, Сіздің «ССРО-да социализмнің экономикалық проблемалары» атты данышпандық еңбегіңізбен қаруланған біздер сүйікті Отанымыздың игілігі үшін бұрынғыдан да жемісті еңбек етіп, оның даңды мен қуатын санап сайып арттырамыз. Біздің коммунизмге қарай алға басуымыз сын және өзара сынды кеңінен өрістетпейінше, саналы берік тәртіп орнатпайынша, жоғары революциялық қырағылық орнатпайынша мүмкін емес өкпендігіміз біз жақсы білеміз. Біз өте-мөте қырағы болып, өзіміздің жұмыстары кемшіліктерімізге бұрынғыдан да төзбестікпен қарайтын боламыз.

Біз еңбекшілер депутаттары жергілікті Советтерінің сайлауы күнін шаруашылық және мәдениет құрылысының барлық учасқтарында жана табыстармен қарсы аламыз.

1953 жылғы 1 мартта өзіміздің құрметті азаматтық борышымызды өтеу үшін біз бәріміз бір кісідей болып сайлау учасқтарына келіп, өзіміздің дауысымызды бірауыздан коммунистер мен партияда жоқтардың сталиндік мызғымас блогінің кандидаттарына береміз.

Қымбатты Сталин жолдас, Сізге дауыс бере отырып, коммунистер мен партияда жоқтар блогінің кандидаттарына дауыс бере отырып, біз ұлы коммунистік партия үшін, туысқан Совет Үкметі үшін, Отанымыздың бұдан былайғы дүниежүзілік-тарихи жеңістері үшін, біздің қуанышты тұрмысымыз үшін, бүкіл дүние жүзінде баянды бейбітшілік үшін дауыс береміз.

Қуатты советтік Отанымыз жасасын!

Лениннің — Сталиннің ұлы партиясы жасасын!

Коммунистік партия мен совет халқының ұлы көсемі және ұстазы, депутаттыққа біздің бүкілхалықтық кандидатымыз, туысқанымыз және сүйікті көсеміміз Иосиф Виссарионович Сталин жасасын!

## Ұлы Сталиннің есімімен

Қазақстанның әрбір еңбекшісінің жүрегі мақтаныш және қуаныш сезіміне бөленуді — туысқанымыз және сүйіктіміз Сталин Алматы қалалық Советінің депутаттығына дауысқа түсуге ризалығын білдірді.

Республика ғалымдары зор сенім көрсеткені үшін Сталин жолдасқа шын жүректен алғыс айтып, партияның XIX съезі алға қойған жауапты міндеттерді аброймен орындауға серт береді.

Мінбәз Алматыдағы № 2 тігін фабрикасы

саған концептілерін тексеріп, кемшіліктерін кезінде айтып, концептіні қалай жасау жөнінде кеңес беріп, көмектеседі. Мұның барлығы тыңдаушылардың съезд материалдарын жете ұғынуға белсенділіктерін арттыра түсуде.

Алайда, облыстың бірқатар аудандарында да партия оқуы тиісті дәрежеде емес. Мәселен, Ленин ауданындағы бірсыпыра бастауыш партия ұйымдары партия оқуына нақтылы басшылық жасамай келеді. Солардың бірі «Орталық» колхозының бастауыш партия ұйымы. Бұл партия ұйымы-

## Курскінің азат етілуінің 10 жылдығы

Курск, 8 февраль. (СОТА). Бүгін Курскінің неміс-фашист басқыншыларынан азат етілгеніне 10 жыл толды. Клубтарда, кино-театрларда, кітапханаларда және оқу үйлерінде қала құрылысындағы және оны көркейтудегі қол жеткен табыстарға арналған көрмелер ашылды.

... 1943 жылы 8 февраль күні Курск қырып бүлінгендіктің жантүршігерлік картинасына ұқсаушы еді. Барлық өнеркәсіп орындары, электр станциясы, трамвай, су проводы істен шығарылған болатын.

Курск азат етілген алғашқы күннен бастап оны қалпына келтірудің қамын ойлаған Коммунистік партияның және Совет үкіметінің көмегімен қала тез қалпына келе бастады, соғыстан бұрынғыдан да көрікті болуда. Орталық көшелер сәулетті архитектураның көп этажды үйлерімен сәнденуде. Қаланың бас көшесінде жаңадан медициналық институттың корпустары салынды, мемлекеттік банктің үйлері, пионерлер үйі және басқа мәдени орын-

## Озат тәжірибе колхоз далаларында қолданылуда

СТАВРОПОЛЬ, 6 февраль. (СОТА). Өлкенің алдыңғы қатарлы машина-трактор станциялары өткен жылы күнбағысты шаршы-үя әдісімен себуді колхоз өндірісіне енгізуге көмектесті. Бұл шара экономикалық зор пайда берді. Богослав-МТС-ндегі М. Плотниковтың трактор бригадасы Сталин атындағы колхозда шаршы-үя әдісімен 121 гектар жерге күнбағыс екті. Жазда ол бригада үш рет айқұш-үйкыш әдіспен егісті культивациялады. Механика-

байындамаларының және оқыған лекцияларының идеялық дәрежелерінің жоғары болуына, мазмұнды өткізілуіне ерекше көңіл бөлулері керек.

Партия ұйымдарының алдында тұрған кәзіргі ең басты міндеттердің бірі — партия бұқарасына, еңбекшілер бұқарасына партиямыздың XIX съезінің материалдарын және көсеміміз Сталин жолдастың данышпандық шығармасын жете түсіндіру. Сондықтан партия ұйымдарынан бұл өте маңызды және жауапты жұмысқа нақтылы басшылық жасап отыру талап етіледі.

дары қалпына келтіріліп, бұрынғыдан да көркейе түсті. Орталық көшелер мен алаңдар асфальттанып, оларға ағаштар отырғызылды. Қалада драма театры, үш кино-театры, музей, картина галереясы, 200-ден астам клуб және кітапханалар мекемелері, 34 мектеп жұмыс істейді. Ондаған тұрғын үйлер салынып қалпына келтірілді.

Қалада 20-дан астам ірі құрылыс орындары жұмыс істеуде.

Қала өнеркәсібі тез өсіп өркендеуде. Ол өнімді соғыстан бұрынғыдан бірнеше есе артық өндіруде.

Курскінің озат кәсіпорындарының коллективтері даңқты датаны жоспардан тыс өнім шығарумен атап өтті. Аудандарда Курскінің азат етілген 10 жыл толған күніне арналған салтанатты мәжілістер өткізілді.

Бүгін қала еңбекшілері Курскіні азат етуде қаза тапқан жауынгерлердің кабірінің басына көптеген гүлдер қойды.

лық жолмен өңдеу ауылшаруашылық артелінің еңбеккүнді көптеп үнемдеуіне және егін шығымдылығын арттыруына мүмкіншілік берді. Әрбір гектардан 18 центнерден майлы дақыл жыйналды.

Өлкенің колхоздары егін өнімділігін арттырудың мұндай маңызды жағдайын есепке ала отырып, шаршы-үя әдісімен күнбағыс егуді өткен жылғыдан төрт есе арттыруды жоспарлап отыр.

сайлау округі бойынша депутаттыққа кандидат болып тіркелгендігі жөніндегі хабарды асқан зор қуанышпен қарсы алды (Ду қолшапалақтау).

Алматы қалалық Советінің депутаттығына № 273 сайлау округіндегі кәсіпорындары мен мекемелердің коллективтері кандидаттыққа ұсынған Георгий Максимилианович Маленковтың осы сайлау округі бойынша депутаттыққа дауысқа түсуге ризалығын білдіргендігі жөнінде Көшекбаева жолдастың жасаған хабарын мәжіліске қатынасұшылар ұзақ қол шапалақтаумен қарсы алды.

Республикалық партия мектебінің тыңдаушысы Олейников жолдас сөз сөйледі.

Алматы қалалық Советінің депутаттығына дауысқа түсуге өздерінің ризалығын берген ұлы Сталинге және оның ең жа-

жолдас, — округтік комиссияға маленков жолдасты қалалық Советтің депутаттығына кандидат етіп тіркеу жөніндегі өздерінің бірауыздан білдірген тілегін білдірулі тапсырды. 1 мартта біз біркөсідей болып оған өзіміздің дауысымызды береміз.

Округтік сайлау комиссиясы № 273 сайлау округі бойынша дауысқа түсу үшін ССРО Орталық Комитетінің секретары, ССРО Министрлер Советі Председателінің Орынбасары Георгий Максимилианович Маленков жолдасты Алматы қалалық Советінің депутаттығына кандидат етіп тіркеуге бірауыздан қаулы етті.

Алматы қалалық Советін сайлау жөніндегі № 273 сайлау округі бойынша дауысқа түсу үшін депутаттыққа кандидат Г. М. Маленков жолдас сайлау бюллетеніне енгізілсін.

## Алматы қаласының № 436 сайлау округі

# Лазарь Моисеевич КАГАНОВИЧ Алматы қалалық Советінің депутаттығына кандидат болып тіркелді

Алматы —1 станциясының қызымүйісінде Алматы қалалық Советін сайлау жөніндегі № 436-сайлау округі округтік сайлау комиссиясының мәжілісі болды.

Мәжіліске қатынасұшылар Сталин жолдастың № 122 сайлау округі бойынша Алматы қалалық Советінің депутаттығына кандидат болып тіркелгендігі жөнінде комиссияның председателі Витковский жолдастың жасаған хабарын ду қолшапалақтаумен қарсы алды.

— Алматы —1 станциясының коллективі, — деді Витковский жолдас, — ұлы Сталиннің ең жақын серігі, Лазарь Моисеевич Кагановичті № 436 сайлау округі бойынша Алматы қалалық Советінің депутаттығына кандидат етіп ұсынды. Округтік комиссия № 436 сайлау округі бойынша Алматы қалалық Советінің депутаттығына дауысқа түсуге Каганович жолдастың білдірген ризалығын алды.

Мінбеде вокзал бастығының орынбасары Кочерова жолдас.

— Каганович жолдастың өсімі, — деді ол, — біздерге, совет теміржолшыларына өте-мөте қымбат. Оның басшылығы арқа-

сында еліміздің темір жол транспорты халық шаруашылығының ең негізгі салаларының біріне айналды. Біз Каганович жолдастың біздің сайлау округі бойынша дауысқа түсуге ризалығын бергендігін асқан зор қуанышпен естідік.

Теміржолшылар бірінен соң бірі шығып сөз сөйледі. Олар совет халқының Коммунистік партияға, ұлы Сталинге деген шексіз сүйіспеншілігі жайында айтып, округтік сайлау комиссиясынан Лазарь Моисеевич Кагановичті Алматы қалалық Советінің депутаттығына кандидат етіп тіркеуді сұрады.

Округтік сайлау комиссиясы № 436 сайлау округі бойынша дауысқа түсу үшін ССРО Министрлер Советі Председателінің Орынбасары Лазарь Моисеевич Каганович жолдас Алматы қалалық Советінің депутаттығына кандидат болып тіркелсін деп бірауыздан қаулы алды.

Алматы қалалық Советін сайлау жөніндегі № 436 сайлау округі бойынша дауысқа түсу үшін депутаттыққа кандидат Л. М. Каганович жолдас сайлау бюллетеніне енгізілсін.

Міне, совет жыйналыстың кандидаты атады.

Коммунизм діни дүние таушы, көс жолдастың депутаттығын пендігін Оіз санаймын. Тік сайлау кзімімен қала бірінші кандидат тіркеді. (Жұды, Сталин ты, ду ұзақ Сталиннің д Сталин жас ді).

Зоотехник тының проф берілді.

— Совет ми мәселеле іс болып са үкмет және таралынан з

Ал

1952 жыл оны артельді ганнан кейін тельдің қолд сайлауы құр отырып, өкі сын сайлау жоспардан ті беруге мінде тивпен бірге көпшілік кпі

Шағын дв прес цехыны веттердің сай тық вахтаға аброймен оры Бесінші бе нын тапсырғ орындау жар

# Халық шаруашылығы өміршілері туралы басқармасының хабары

ал майы	81
ан-бұлқа тағамдары	101
Жылдық жоспардың орындалу проценті	
өндіріс тағамдары	103
ақарон тағамдары	118
өтүрлі консервтер	96
шпирот	105
шөмі	102
ақорқа	107
ақорғалық сусындар	83
ақорға	100,4
ақорға және арақ ішімдіктері	97
азартылмаған спирт	91
ақорға	105
ақорға	112
ақорға	113

### III.

1952 жылы республиканың колхоздары мен совхоздары шаруашылығын оған сайын өркендетті. 1951 жылмен салыстырғанда барлық дақылдардың өсімі колхоздарда 6 процент, Қазақ ССР Совхоздар министрлігінің совхоздарында 10 процент ұлғайды. 1952 жылы республиканың колхоздары мен совхоздарының жылдық дақылдар өту жоспары асыра орындалды. Жеміс және біржылдық шөптердің, жемшөптік табиғаттағы дақылдардың және сүрленетін дақылдардың өсімі колхоздарда 5 процент, Қазақ ССР Совхоздар министрлігінің совхоздарында 9 процент ұлғайды. Республикада табиғаттағы дақылдардың көлемі 1951 жылғыдан едәуір ұлғайтылған. Шөп және ақорға (өсімдік) колхоздарда 102 процент орындалды, Қазақ ССР Совхоздар министрлігінің совхоздарында кем орындалды. Шаруашылығының техникамен қарулануының өсуі машина-трактор паркінің жұмыс өнімділігінің артуына 1952 жылы

## Колхоздағы есеп беру-сайлау жыйналысы

### Басқарманың жұмысы кеңінен талқыланды

Жуырда болып өткен есеп беру-сайлау жыйналысында «Қазақстанның 30 жылдығы» колхозының (Ленин ауданы) председатели Мақұмов жолдас қоғамдық мал шаруашылығын өркендету жайына айырықша тоқталды.

—Өткен шаруашылық жылында,—деді ол,—қоғамдық мал басын өсіру, оның тұқымын асылдандыру жөнінде бірқатар шаралар жүзеге асырылды. Әсіресе, мал шаруашылығындағы еңбекті көп керек ететін жұмыстарды механикаландыруда едәуір алға басқандық болды. Мәселен жел двигателі орнатылды. Мұның нәтижесінде фермалардағы кейбір күрделі жұмыстарды механика күшімен атқаратын болдық.

Жаңадан екі мал қорасы салынды. Бүгінгі мал қораларын жөндеу жұмыстары өткен жылдармен салыстырғанда тыңғылықты жүргізілді.

Мал шаруашылығын өркендетуде жеделденген колхозшылар қажырлы еңбек етіп, үздік табыстарға жетті. Мысалы, Ысабақов, Исабақов, Әбдідина жолдастар қарамағындағы малды күйлі және шығынсыз өсіре білді.

—Бірақ,—деді ол,—біз қоғамдық мал басын өсіріп, оның өнімділігін арттыру жөнінде маңызды мәселелер шешіп, жүзеге асыра алғанмыз жоқ. Жемшөп дайындау жұмыстары әзірліксіз жүргізілді. Былтырғы қысқа мал азығы жеткіліксіз дайындалды. Сөйтіп, жемшөп дайындаудың мал санының өсуінен мешеу қалуына жол берді. Осы сыяқты малды бағыш күту жұмыстарында елеулі кемшіліктер бар. Әсіресе, аналық малын, төлдің күтімі на-

шаруашылық құрал-саймандарын жөндеп, дала жұмыстарына әзірлеудің жайы өте қанағаттанғысыз.

Колхозда кіріс-шығыс сметасы орындалмай қалды. Егін мен мал шаруашылығынан түскен кіріс мөлшері мүлде аз. Сондықтан колхоздың ақшадай табысы азайып кетті. Еңбек ұйымдастыру ісі жолға қойылмаған. Колхозшылардың өндірісте табысты еңбек етуі қамтамасыз етілмеген. Ал, 33 колхозшы тиісті еңбеккүн міндетін ташпаған.

Колхоз председателинің баяндамасынан кейін шығып сөйлеген колхозшылар басқарманың жұмысындағы кемшіліктерді айтып, артель шаруашылығын бесжылдық жоспарда көрсетілген міндеттерге сай өркендету керек екеніне тоқталды.

Колхозшы Елишев жолдас тексеру комиссиясының жұмысындағы кемшіліктерді сынады.

—Тексеру комиссиясының председатели Едресов жолдас,—деді ол,—өзінің жұмысына жеңіл-желпі қарады. Ол тексеріс жұмыстарын дер кезінде жүргізіп отырмады. Сөйтіп, басқарманың жұмысындағы кемшіліктерді мезгілінде ашып, оны жоюдың тиімді шараларын белгілеуден тыс қалды. Бүкіл жыл бойына тексеру комиссиясы бар болғаны екі-ақ рет тексеріс жүргізді.

Тексеру комиссиясы колхозшылардың тапқан еңбек күндерінің дұрыс жазылып, есепке алынуына да назар аудармады. Ал, бұл жөнінде колхозда үлкен кемшілік бар. Бірқатар колхозшылардың істерен жұмысына кей күндері еңбеккүн мүлде жазылмай жүрті. Тексеру комиссиясы мұндай

## Кореядағы оқыйғалар

### ХАЛЫҚ АРМИЯСЫ БАС КОМАНДОВАНИЕСІНІҢ ХАБАРЫ

ПХЕНЬЯН, 8 февраль. (СОТА). Корея Халық-Демократиялық республикасы Халық армиясының Бас командованиесінің бүгінгі берген хабарында Корея Халық армиясының және қытай халық еріктілерінің құрамалары өткен күні барлық майдандарда артиллериялық атыстар жүргізуде болды делінген.

Кеше түнде американ әуе қарақшылары Пхеньян мен Хамхыннің бейбіт адамдар тұратын кварталдарына жаңадан шабуыл жасап, оларды аюандықпен бомбалауға ұшыратты. Осының салдарынан халықтың арасынан көптеген адамдар қазаға ұшырап, көптеген тұрғын үйлер мен жер үйлер қыйратылды.

Бүгін Халық армиясының зенит бөлімдері және сау самолеттерін атқыштар дұшпанның 3 самолетін атып түсіріп, 3 самолетін зияндады.

### КОРЕЙ ХАЛҚЫ КОРЕЙ ХАЛҚЫ АРМИЯСЫНЫҢ БЕСЖЫЛДЫҒЫН САЛТАНАТТЫ ТҮРДЕ АТАП ӨТТІ

ПХЕНЬЯН, 8 февраль. (СОТА). Бүгін корей халқы өзінің қарулы күштері—Халық армиясы құралуының бесжылдығын салтанатты түрде атап өтті.

Пхеньян, Вонсан, Саривонь, Аньчу, Соньчухонь және басқа қалалардың көшелері «Маршал Ким Ир Сен жасасын!», «Батыр Халық армиясының даңқы арта берсін!», «Батыр қытай халық еріктілерінің даңқы арта берсін!» деген ұрандармен безендіріліп, әдемі гүлдермен қоршалған.

Мереке алдындағы күндерде Пхеньянда және басқа қалаларда, селоларда, әскер бөлімдерде Халық армиясының бесжылдығын

## Қазақ ССР Статистика басқармасы.

# Коммунистердің білім дәрежесін арттыра береміз

Партиямыздың XIX съезінің қарарлары, кемеңгер көсеміміз И. В. Сталин жолдастың «ССРО-да социализмнің экономикалық проблемалары» деген еңбегі және съездің қорытынды мәжілісінде сөйлеген тарихи сөзі аудан коммунистері мен партияда жоқ активтерінің маркстік-лениндік теорияны үйренуге деген ынта-жігерін бұрынғыдан да арттыра түсін отыр. Быйыл партия оқуына аудан партия ұйымының құрамы түгелде жуық, сонымен қатар, партияда жоқ активтердің көпшілігі тартылды. Өткен жылғымен салыстырғанда быйыл партия оқуының жоғарғы буындарындағы тыңдаушылардың саны анағұрлым көбейді.

Ауданның бастауыш партия ұйымдары жаңында партия тарихының қысқаша курсы оқып-үйренетін негізгі типтегі 28 үйірме, жоғары типтегі 17 үйірме, диалектикалық және тарихи материализмді үйренетін 5 үйірме, сонымен бірге, көсемдеріміз В. И. Ленин мен И. В. Сталин жолдастардың өмірбаяндарын үйренетін 4 үйірме ұйымдастырылды. Үйірмелердің барлығы тәжірибесі бар, білім дәрежесі жеткілікті насихатшылармен қамтамасыз етілді. Оқулықтар мен көрнекі құралдар жеткілікті.

Аудандық партия комитеті соңғы уақытта партия оқуына өзінің басшылығын едәуір жақсартта түсті. Мұның нәтижесін оқу жылының өткен айларының қорытындысынан көруге болады. Демек, көп үйірмелерде оқу жылының өткен айларында өткізілетін сабақ ойдағыдай жүргізіліп, оқу программасы меңгерілді. Көзір барлық жерде партия оқуы жана программа бойынша

өткізілуде. Коммунистер мен комсомолдер және партияда жоқ активтер және программа бойынша съездің материалдарын, Сталин жолдастың соңғы жаңа данышпандық шығармасын оқып үйренуге зор белсенділікпен қатысып жүр. Көп үйірмелерде оқу жаңа программа бойынша 3—4 реттен өткізілді.

Маркстік-лениндік теорияны оқып-үйрену өте-мөте жауапты жұмыс. Сондықтан аудандық партия комитеті бұл іске осы тұрғыдан қарап, съезд материалдарын тыңдаушыларға жете түсіндіру мақсатымен алғашқы сабақтарды қалай өткізу жөнінде бастауыш партия ұйымдары секретарьларының біркүндік, насихатшылардың өкілдік семинарын өткізді. Семинарға қатысушылар ұлы көсеміміз Сталин жолдастың «ССРО-да социализмнің экономикалық проблемалары» деген шығармасы бойынша және басқа да тақырыптарда лекциялар тыңдады. Семинарларда тәжірибелі насихатшылардың іс тәжірибесі ортаға салынды, олардың сабақты өткізу әдісі тыңдалды.

Бастауыш партия ұйымдарының секретарьларына және насихатшыларға көрсетіліп отырылған бұл сыяқты көмек олардың сабақтың идеялық дәрежесін арттырудағы жауапкершіліктерін күшейте түсті. Көп үйірмелер өздерінің жұмыстарын ойдағыдай жүргізіп келеді. Мысалға аудандық финансы бөлімі партия ұйымы жаңындағы партия тарихының қысқаша курсын үйренетін негізгі типті үйірменің жұмысын алайық. Бұл үйірменің насихатшысы Кордобевич жолдас. Ол жаңа оқу программасы бойынша 4 рет сабақ өткізді. Кор-

добевич жолдас әрбір сабаққа толық дайындалып келеді. Тыңдаушылардың сұрақтарына түсінікті етіп, дұрыс жауап береді. Өткізілген тақырыпты жете меңгермеген тыңдаушылар үшін консультация ұйымдастырады. Осы сыяқты өзіне жүктелген міндетке жауаптылықпен қарап, оқудың идеялық дәрежесін арттыруға үнемі көңіл бөлгендіктен оның тыңдаушылары В. Филиппенко, Н. Горобец, Гореславец және тағы басқа жолдастар съезд материалдарын өте жақсы үлгеріп келеді.

Қыялы орта мектебіндегі үйірме мен «Араласан» колхозы партия ұйымы жаңындағы жоғары типті үйірмеде де саяси сабақ мазмұнды өткізілуде. Бұл үйірмелердің насихатшылары Ивановичий және Касенов жолдастар сабақтың мерзімінде және жоғары дәрежеде өткізілуіне ерекше көңіл бөліп отырады. Ал, партия ұйымы тыңдаушыларды қажетті оқу материалдарымен қамтамасыз ету ісіне айырықша назар аударуда.

Аудан орталығындағы кешкі партия мектебі өзінің жұмысын аудандық партия комитетінің кітапханасында жүргізеді. Бұл мектепке аудан орталығындағы партия, совет активтері тартылған болатын. Көзір кешкі мектепте сабақ зор ұйымшылықпен өткізілуде.

Ауданда көптеген коммунистер маркстік-лениндік теорияны өздігінен оқып үйренеді. Олар өздерінің жоспарларына партиямыздың XIX съезінің қарарларын, Сталин жолдастың съездің қорытынды мәжілісінде сөйлеген тарихи сөзін және көсеміміз «ССРО-да социализмнің экономикалық проблемалары» деген еңбегін енгізген. Сондықтан аудандық партия комитеті өздігінен оқушыларға арнайы лекциялар оқуды ұйымдастырып отыр.

Алайда, коммунистердің оқуында елеулі кемшіліктер де бар. Кейбір үйірмелерде саяси оқу жана программа бойын-

ша берседе. Ал, демалыс күндері колхозшылардың үйін аралап, оларға пайдалы медициналық кеңестер беріп отырады.

ша тиісті дәрежеде өткізілмей келеді. Ленин атындағы колхоздың партия ұйымы жаңындағы жоғары типті үйірменің насихатшысы Джиненко жолдас сабаққа өте нашар дайындалады. Ол тыңдаушыларға съезд материалдарын тек сөзбе-сөз оқып беруге ғана тынып жүр. Сабақты колхоздың күнбе-күнгі өмірі, аада тұрған міндеттермен байланыстыра жүргізуді ескермейді. Ол-ол ма Джиненко жолдас тыңдаушылардан конспект жасауды да талап етпейді. Кейбір тыңдаушылардың өздігінен жасаған конспекттері бар. Бірақ, Джиненко жолдас олардың конспекттерін қарап тексеру, кемшіліктерін айтып, көмектесуді ескермейді.

Мұндай фактілер басқа да үйірмелерде жоқ деп айта алмаймыз. Мұның өзі аудандық партия комитетінің, оның насихат және үгіт бөлімінің партия оқуына басшылық жасау ісін әлі де болса ойдағыдай жүргізе алмай келе жатқандығын көрсетеді. Аудандық партия комитеті бұл кемшіліктерді жоя отырып, партиямыздың XIX съезінің материалдарын және көсеміміз Сталин жолдастың «ССРО-да социализмнің экономикалық проблемалары» деген данышпандық еңбегін аудан еңбекшілеріне, оның ішінде партия оқуы жүйесіндегі мектептер мен үйірмелердегі тыңдаушыларға жете түсіндіруге тиіс. Барлық үйірмелерде жаңа оқу программасының толық меңгерілуін қамтамасыз етуге міндетті. Ол үшін насихатшыларға және өздігінен оқушыларға үнемі көмектесіп, олардың сабақты өткізуде және өздігінен оқуда жауапкершіліктерін арттыра білу негізгі міндет. Аудан партия ұйымының бұл міндеттерді ойдағыдай жүзеге асыратындығына күмән жоқ.

**А. ЕРТАЕВ,**

ҚКП Совет аудандық комитетінің насихат және үгіт бөлімінің меңгерушісі.

лекция оқыды. Дәуір лауына дайынды жолдас сайлауы пен қамтамасыз

### «Ленин туы»

### «Күндесу»

«Ленин туы» январьдағы саны мақала жарияла ауданындағы Мұрыны Карл Маркxшылардың агроном Киреев сыналған болатын

ҚКП Булаев ретары С. Иман мақалада көрсет анықталғанын, К директоры Елкин атындағы колхоз жүргізуге тезіне гілеу, оқу жылы сын толығымен лады.

### «УДАРНИК»

Бүгін

Сеанс сағат 4- Касса сағат 3

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редакция және ауылшаруашылық бөлімдері — 2-36, өнеркәсіп-транспорт және тілшілер бөлімдері — 3-39, корректорлар бюросы — 4-39, Газет баспасы — 5-53, газет табыс ет